

Маяк

Районная еженедельная
общественно-политическая газета

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

Жыл 2022 год

21

қаңтар - январь

№2 (64411)

Издаётся
со 2 августа 1939 года

Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни, бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер.

Мемлекет басшысы
Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінен

ПРИЁМ ГРАЖДАН ПО ЛИЧНЫМ ВОПРОСАМ

Акиму района Нурлан Сешлов провел прием граждан по личным вопросам.

К акиму района обратился житель села Старый Колутон Д.Мурсалимов по земельному вопросу. Для рассмотрения данного вопроса аким района дал поручение руководителю отдела земельных отношений.

По вопросу жилья обратилась жительница из села Жамбыл М.Кадырбаева. В ходе личного приема акимом района были даны разъяснения.



Акиму района выслушал все обращения граждан, все просьбы и пожелания, поручив соответствующим структурным подразделениям оказать законное содействие в решении озвученных вопросов.

Пресс-служба акима района.

ҚАР ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Аудан орталығында әкімдік тарапынан негізгі көшелерді қардан тазарту жұмыстары атқарылуда.

Қыс мезгілінің алғашқы айында қардың қалың түсуі салдарынан талай жолдар оның құрсауында қалып қана

қоймай, көптеген автомобильдердің қозғалысына да кедергі болатыны белгілі. Осы ретте, қыстың қытымыр аязында әр өңірдегі қар тазалау жұмыстарының маңызы зор. Біздің аудан ішінде мұндай шаралар өз деңгейінде атқарылып жатқанын да айта кеткен жөн.



Аудандық жолшылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, «Комхоз» мекемесінің техникалары арқылы жауапты қызметтерін уақтылы жүзеге асырып келеді.

Өз тілшіміз.

БАСТЫСЫ - ХАЛЫҚТЫ БІРІКТІРУ

Жылдың басында жай ғана бейбіт шеруден басталып, арты еліміз үшін қайғылы аяқталған оқиғаның нәтижесі Қазақстан халқын біріктіріп, ашық аспанымыз бен бейбіт күндеріміздің құндылығын айқындай түскен сияқты.

Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар, Президент бәрін қалпына келтіру – оның жеке жауапкершілігі екенін, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екендігін көрсетті. Қазақстан Республикасының Президенті еліміздің жаңа

экономикалық саясаты алдағы кезеңде ең алдымен барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен байланысты болуы тиіс екенін атап өтті.

Аға-буын өкілі ретінде, ауданның ардагерлер кеңесін басқара отырып өз тарапымынан ауданның барлық зейнеткерлер қауымы еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаевтың барлық бастамаларын қолдайтынын айтып келеді. Президентіміздің барлық бастамалары елдің көркеюі үшін жасалып жатқанына мен кәміл сенемін.

Сағынай СЕЙІТЖАНОВ,
ардагерлер кеңесінің төрағасы.

РАЗВИВАТЬ МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС

В своем выступлении на заседании Мажлиса Глава Государства Касым-Жомарт Токаев затронул очень важные и наиболее сложные проблемы которые сложились в малом и среднем бизнесе.

Президент отметил, что все актуальные вопросы в обществе должны обсуждаться и в Парламенте. Ведь Парламент должен работать в интересах общества. Выбирая депутатов, народ поверил в достойные и конкретные программы по улучшению жизни и развития Независимого государства!

В частности мы предприниматели села полностью поддерживаем слова Президента, в том, что сейчас необходимо законодательно и четко разработать механизмы

поддержки предпринимательства, основанные на принципиально новой регуляторной политике, а именно перейти на регулирование с «чистого листа», который даст толчок беспрепятственному развитию бизнеса.

Также Президент отметил, что правительству следует сфокусировать внимание на поддержке малого и среднего бизнеса. Задача – это создание благоприятных условий для ведения бизнеса.

Предприниматели села поддерживают все инициативы главы государства. И мы готовы и делаем все, чтобы развивать малый и средний бизнес на селе.

Людмила КИРАКОСЯН,
ОО «Ассоциация предпринимателей малого и среднего бизнеса».

ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІН АРТТЫРУ – ТИІМДІ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

Өткен аптаның соңында Астрахан ауданының білім бөлімінің жанынан құрылған «Жас педагог» ассоциациясының ұйымдастырумен жас мамандардың педагогикалық біліктілігін арттыру мақсатында Жалтыр және Петровка ауылдарында «Жас педагогтардың кәсібилігін арттыру – тиімді жұмыс кепілі» тақырыбында аудандық семинар өтті.

қатысушы аудан мұғалімдеріне тренинг жүргізді.

Қорыта келе, семинарға аудандық жас мамандар зор қызығушылықпен қатысты. Тақырыптар толықтай ашы-



Мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру. Кәсіби білім, білік, дағдыны дамыту, педагогтің жалпы мәдени дамуын, оның тұлғалық көзқарасын және кәсіби маңызды сапаларын жетілдіру болып табылады.

Семинардың ашылу барысында білім бөлімінің әдіскерлік кабинет басшысы Құралай Атишева құттықтау сөз сөйлеп, барша қатысушыларға және семинар

жұмысына сәттілік тіледі.

Практикалық бөлімде «Жас педагог» ассоциациясының мүшелері Дулат Оспанов және Зарина Ищанова «XXI ғасырдың педагогы» атты оқыту тренингін өткізді.

Үзілістен кейін ассоциация мүшелері Серікгүл Омарбекова, Зарина Ищанова «Мұғалім. Оқушы. Ата-ана.» деген атаумен жұмыс жасады. Сонымен қатар, аталған ұйым мүшелері Дәнекер Холғанат пен Меруерт Кенжебаева «Жұмыс істей білу және демалу керек» тақырыбында семинарға

лып, семинар соңында берген кері байланыстары оған дәлел болды. Кері байланыс келесі қозғайтын тақырыпқа сұраныс туғызып, осы бағытта тереңірек тақырыптар қозғау қажеттігі байқалды.

Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болу тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл, намысты, биік рухты болса - ол елдің өңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл, жас отаншыл, патриот келеді. Халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады.

Арман ЖАПАРОВ.

ОБРАЩЕНИЕ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ЕЛБАСЫ Н.А. НАЗАРБАЕВА К НАРОДУ КАЗАХСТАНА



Құрметті отандастар! Ардақты ағайын! 2022 жыл халқымыз үшін күрделі де қатерлі сынақтан басталды. Баршаңызға мәлім, ұйымдасқан экстремистік топтар елімізде жаппай төртіпсіздік орнатып, террористік шабуыл жасады. Соның салдарынан бейбіт тұрғындарымыз зардап шекті. Қасіретті оқиға кезінде қаза болғандардың жақындары мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Лаңкестер елдігіміз бен егемендігімізге, тыныштығымыз бен тұтастығымызға қауіп төндіріп, жұрттың берекесін қашырды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шұғыл шешімдерінің арқасында ел іргесі сөгілген жоқ. Мемлекет басшысын қолдау – баршамыздың азаматтық борышымыз.

Ендігі кезекте осы оқиғадан сабақ алып, мұндай бассыздыққа жол бермеуге тиіспіз. Бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде атқарған істеріміз аз емес.

Қазақстан әлемге танылған еңселі елге айналды. Ұлан-ғайыр шекарамыз түбегейлі бекітілді. Елімізде іргелі реформалар жүзеге асып, Орталық Азияда көш бастадық. Еуразия жүрегінде, Сарыарқа төсінде жаңа астанамыз бой көтерді. Бірлік барда ешбір жау сағымызды сындыра алмас.

Уважаемые казахстанцы! Дорогие соотечественники! Январские события потрясли весь Ка-

захстан. Целью этих организованных беспорядков и атаки на Казахстан было разрушение целостности страны и устоев государства. Эти события еще раз показывают, что независимость нужно беречь как зеницу ока, как хрупкий сосуд, требующий особо бережного обращения.

Произошедшая трагедия стала для всех нас уроком. Важно выяснить, кто организовал все эти погромы и убийства. Следствие даст ответ на этот вопрос. Выражаю искренние соболезнования

родным и близким погибших, а пострадавшим желаю скорейшего выздоровления.

Отвечая на многочисленные обращения в мой адрес, и в связи с публикациями в средствах массовой информации, сообщаю, что я в 2019 году передал полномочия Президента Касым-Жомарту Тоқаеву и с тех пор являюсь пенсионером, и в настоящее время нахожусь на заслуженном отдыхе в столице Казахстана и никуда не уезжал. Президент Касым-Жо-

март Тоқаев обладает всей полнотой власти.

Он председатель Совета безопасности. В скором времени Президент будет избран председателем партии «Nur Otan». Поэтому никакого конфликта или противостояния в элите нет. Слухи на эту тему абсолютно беспочвенны. Всем известно, что я 30 лет, не покладая рук, работал во имя нашей Родины. Мы укрепили ее границы. Мы проводили прогрессивные реформы.

Мы вместе построили независимый Казахстан, добились больших результатов в социально-экономическом развитии, стали лидерами по многим показателям не только в Центральной Азии, но и в СНГ. Казахстан стал уважаемым и авторитетным государством в мировом сообществе. Это результат сплоченности и единства всех казахстанцев. Стабильность и спокойствие в стране всегда были моей целью.

Всем нам надо беречь эти непреходящие ценности. Мы обязательно пройдем через кризис и станем еще сильнее. Президент выдвинул новую программу реформ, направленную на повышение благосостояния народа. Эту программу нужно поддержать. Желаю вам, дорогие соотечественники, здоровья и благополучия! Благодарю вас за поддержку моего курса реформ и модернизации, который я проводил, находясь на посту главы государства.

ОБЩЕСТВУ ПЫТАЮТСЯ НАВЯЗЫВАТЬ РАДИКАЛЬНУЮ ИДЕОЛОГИЮ

Карин: *Обществу пытаются навязывать радикальную идеологию, которая влечёт за собой насилие. Мы должны все принципиально бороться с крайними взглядами, считает госсекретарь.*

Казахстанскому обществу пытаются навязывать радикальную идеологию, заявил госсекретарь Казахстана Ерлан Карин в эфире телеканала «Хабар».

Несмотря на снятие режима ЧП, в некоторых регионах РК продолжается антитеррористическая операция, уровень террористической опас-

ности по-прежнему наивысший, отметил госсекретарь.

«Обществу пытаются навязывать радикальную идеологию, которая влечёт за собой насилие. Общая задача – это блокирование подобного рода радикальной идеологии. Мы должны все принципиально бороться с крайними взглядами, которые способствуют привнесению в наше общество линии насильственных действий», – сказал Ерлан Карин.

Он заявил, что среди провокаторов беспорядков была организация, которую суд признал экстремистской. Именно через чаты этой организации распро-

страняли инструкции по захвату зданий и блокировке дорог.

«Казахстанские радикалы пытались использовать эти события в зарубежных террористических организациях для развязывания новых атак. Эти попытки были своевременно пресечены нашими спецслужбами», – подчеркнул Ерлан Карин.

По словам госсекретаря ситуацию в стране осложняет поток дезинформации и фейковых новостей – это началось с первых дней протеста и продолжается до сих пор, превратившись в полноценную информационную атаку.

КАК СОЗДАВАЛСЯ ФОНД «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА»

Председатель правления фонда «Қазақстан халқына» Болат Жамишев рассказал, как создавался фонд и как был определен состав попечительского совета.

«Фонд как общественная организация мог быть учрежден физическими лицами или общественными объединениями. В нашем случае в числе учредителей выступили четыре общественных объединения. Многие спрашивают, почему именно они и как произошло это. Я могу сказать, что это четыре благотворительные организации, которые активно сотрудничают с социальным блоком Правительства – Министерством здравоохранения, образования, социальной защиты.

Это была инициатива этих министерств – привлечь в качестве учредителей эти четыре организации. Смысл этого предложения состоял

в том, что учредители не будут иметь никаких больших прав, чем прочие участники.

Предполагается, что эти четыре общественных организации дали старт началу организации фонда. Поскольку было намерение в сжатые сроки его организовать, такое решение было принято», – пояснил Болат Жамишев в интервью программе «Ошакбаев LIVE» на телеканале «Хабар 24».

Он подчеркнул, что участниками фонда могут стать благотворительные организации. Также председатель фонда рассказал о составе попечительского совета. «Много вопросов задают, почему (совет – корр.) не был избран всем народом? Я не понимаю, что это такое, но подразумевается референдум.

Поскольку фонд был создан по инициативе Главы государства, и когда предприятие выражает желание добровольно осуществлять отчис-

ления в этот Фонд, понятно, что у Правительства возникают определенные моральные обязательства по эффективности использования средств Фонда.

Правительство в этом случае рекомендовало в состав попечительского совета тот перечень людей, которых вы знаете», – отметил председатель фонда, уточнив, что состав попечительского совета был определен Правительством. «По сути, Правительство инициирует все меры, связанные с пополнением средств фонда. Понятно, что Правительство, собственно, и определило состав», – резюмировал Болат Жамишев.

По поручению Главы государства Касым-Жомарта Тоқаева создан общественный социальный фонд (ОСФ) «Қазақстан халқына». Также сообщалось, что председателем фонда «Қазақстан халқына» стал Болат Жамишев.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНА ТҮСКЕН ҚАРЖЫ 7 БАНКТЕ САҚТАЛАДЫ

«Қазақстан халқына» қорына түскен қаржы 7 қазақстандық банкте сақталады. Қаржы нәліктен 7 банкте сақталады? Бұл сұраққа қор басшысы Болат Жәмішев «Ошакбаев LIVE» телебағдарламасының эфирінде жауап берді.

«Қорға түскен қаржы 7 банкте болады. Барлығы да – отандық банктер. Яғни, қайырымдылық жасаған адам немесе ұйым қаржыны қай банк арқылы жібереді, ақша сол банкте болады. Қор ашыла сала алғашқы қаржы Halyk Bank арқылы түсті. Одан кейін kaspi.kz және тағы 5 банкке қайырымдылық қаржысы түсе бастады. Қаржыға біз жауапты болғандықтан, халық сеніміне кірген, несие жүйесі оң жолға қойылған банктер таңдалды. Одан әрі отандық ірі кәсіпорындармен тікелей жұмыс істейтін боламыз. Ал орта және

шағын кәсіпорындармен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы мерендум жасаймыз», – деді Б. Жәмішев. Сондай-ақ, қор басшысы қатысушылар кеңесінің құрылатынын алға тартты. Ол кеңесте қаржының қаншалықты тиімді жұмсалып жатқаны қаралады. «Көлеңкелі табысқа кенеліп жүргендер қорға қаржы аударсын деген ұсыныстарды естіп жатырмын. Қаржы халық игілігіне жұмсалады. Сондықтан қорға адал жолмен тапқан табыстың түскенін қалаймыз. Мен үшін қайырымдылық қаражаттың қайда жұмсалатыны өте маңызды», – дейді ол. Одан бөлек, Болат Жәмішев өзінің қор төрағасы болып тағайындалуына қатысты бір ауыз пікір білдірді. «Мені төраға етіп қордың қамқоршылық кеңесі мүшелері сайлады».

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ 4 ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ БАР

«Қазақстан халқына» қайырымдылық қорының негізін қалаушылар кімдер? Және қор құрылтайшыларының қандай құқығы бар? Аталған сұрақтарға қор төрағасы Болат Жәмішев жауап берді.

«Бірнеше қоғамдық бірлестік бірігіп «Қазақстан халқына» қорының құрылтайшысы болып отыр.

Атап айтқанда 4 қоғамдық ұйым. Неге ол 4 ұйым деген сұрақтар да қойылып жатыр. Аталған ұйымдар осыған дейін де мемлекеттік органдармен бірлесіп, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік салада қайырымдылық шарасымен тұрақты айналысып келеді. Және сол 4 қоғамдық ұйым жоғарыда аталған сала министрліктерінің ұсынысымен таңдалды. Осы тұста ерекше айтып өткім келеді, құрылтайшылардың қатысушылар секілді құқығы жоқ. Оларға арнайы құқық берілмейді. Олар тек қор жұмысының басталуына серпін берді, қайырымдылықты алғашқы болып бастады. Қор аз уақыттың ішінде құрылды, сондықтан осындай шешім қабылданды», – деді Болат Жәмішев. Хабар 24 арнасының «Ошакбаев LIVE» бағдарламасының эфирінде.

Оның айтуынша, кез келген қоғамдық ұйым қор қатысушысы бола алады. Басты талап – қайырымдылық саласында тәжірибенің болуы. «Қор жұмысына үлес қосамын деген қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге есігіміз ашық. Қор – біреудің жекеменшігі емес, халықтікі және халық үшін қызмет етеді», – дейді ол.

ЖОБА

АСТРАХАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 29 МАУСЫМДАҒЫ № 6С-38-6 «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫНДАҒЫ ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астрахан аудандық мәслихатының «Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Астрахан ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы» 2018 жылғы 29 маусымдағы № 6С-38-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6736 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан аудандық мәслихатының хатшысы

М. Қожахмет

ПРОЕКТ

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ РЕШЕНИЯ АСТРАХАНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ОТ 29 ИЮНЯ 2018 ГОДА № 6С-38-6 «О ПОВЫШЕНИИ БАЗОВЫХ СТАВОК ЗЕМЕЛЬНОГО НАЛОГА НА ЗЕМЛИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ, НЕ ИСПОЛЪЗУЕМЫЕ В СООТВЕТСТВИИ С ЗЕМЕЛЬНЫМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ГРАНИЦАХ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» Астраханский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившим силу решение Астраханского районного маслихата «О повышении базовых ставок земельного налога на земли сельскохозяйственного назначения, не используемые в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан в границах Астраханского района» от 29 июня 2018 года № 6С-38-6 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 6736).

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2022 года.

Секретарь Астраханского районного маслихата

М. Қожахмет

Жунусов Колжабай родился 01 января 1922 года в ауле №15, ныне село Жамбыл Астраханского района Акмолинской области.

Трудовую деятельность Жунусов Колжабай начал в 1940 году в г. Акмолинске – корректором областной газеты. С начала Великой Отечественной войны уходит добровольцем на фронт. В составе артиллерийской батареи становится участником боевых действий на Юго-Западном фронте и под Сталинградом.

За образцовое выполнение задания командования, в начале 1942 года рядового Колжабая Жунусова наградили медалью «За боевые заслуги». В том же году, он получил тяжелое боевое ранение и был демобилизован по состоянию здоровья. Последствия ранения беспокоили его и в мирные послевоенные годы, вплоть до самой кончины.

После войны Жунусов Колжабай работал помощником счетовода колхоза «Социалистик құрылыс» Целиноградского района, а в 1950 году был избран председателем колхоза им. Джамбула Астраханского района Целиноградской области. С 1951 по 1954 годы учился в сельскохозяйственной школе, после окончания которой, был избран председателем сельскохозяйственной артели им. Советской Конституции (ныне село Степное Астраханского района Акмолинской области). В 1961 году окончил курсы директоров совхозов Целинного края и в этом же году был назначен первым директором вновь организованного совхоза «Путь к коммунизму» Астраханского района Целиноградской

К 100-ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ ЖУНУСОВА КОЛЖАБАЯ ПОСВЯЩАЕТСЯ

1 ЯНВАРЯ 2022 ГОДА ИСПОЛНИЛОСЬ БЫ 100 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ЖУНУСОВА КОЛЖАБАЯ – УЧАСТНИКА ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ, ПЕРВОГО ДИРЕКТОРА СОВХОЗА «ПУТЬ К КОММУНИЗМУ», ДЕПУТАТА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР.

яркую и полную жизнь. Память об этом замечательном человеке навсегда осталась в сердцах его родных и близких, односельчан, всех тех, кто с ним когда-то работал и знал его.

По инициативе жителей Новочеркасского сельского округа Астраханского района Акмолинской области одна из центральных улиц села Новочеркасское в 2006 году переименована в улицу Жунусова Колжабая. В доме, где он жил, установлена мемориальная до-



кежной опорой семьи.

Всю свою нерастратченную любовь, здоровье он вложил в своих братьев и сестер, когда все они выросли, состоялись в этой жизни, встали крепко на ноги, в тот самый момент, когда дети могли создать для него и мамы счастливую и беззаботную жизнь, они ушли безвозвратно. Теплым словом хочу вспомнить своего друга, одноклассника Жунусова Калкамана. Он также как и его отец вырос достойным сыном. Достоинно трудится на благо нашей

дельного человека с большой буквы.

Сегодня модно менять названия государств, сел, улиц, к счастью нельзя изменить память о людях, которые оставили о себе не только добрую, долгую память, но и зримый след в развитии села и района. Вместе с жителями этих сел они поднимали культуру, создавали новую эпоху.

В этой связи я хотел бы рассказать сегодня о Колжабае Жунусове. С высоты собственно прожитых лет, я все больше убеждаюсь – идут года, меняются поколения, но всегда были талантливые руководители, сумевшие завоевать настоящий, искренний авторитет у односельчан.

Колжабай Жунусович приехал в село Новочеркасское уже в зрелом возрасте, со своим мироощущением. Но это не помешало ему горячо полюбить свое село, имевшее на тот момент много проблем. Все, кто знал Колжабая Жунусовича, не будут оспаривать, а могут добавить мое мнение о нем. Он был очень требовательным, справедливым руководителем, любое начатое дело довести до логического конца было его принципом.

Работая рядом с Колжабаем Жунусовым, его соратники Агибаев Т.А., Жусупов Ж., Трусов Ю.Г., Максимов В., Тюлебеков К.Т., Карбаев К.К. и жители села удивлялись его работоспособности, требовательности.

Вместе с тем он был очень воспитанным, вежливым, тактичным руководителем. В отношениях с подчиненными ни в коем случае не допускал грубость, умел выслушать, поддержать ценные, рационализаторские предложения, умел убедить лю-



области (село Новочеркасское). Более четверти века Жунусов Колжабай трудился в сельском хозяйстве.

За многолетнюю плодотворную деятельность, героизм, проявленный в Великой Отечественной войне и успехи в развитии сельского хозяйства Колжабай Жунусов был награжден орденами Ленина и «Трудового Красного Знамени», медалями «За боевые заслуги», «За освоение целинных земель» и многими другими медалями. Он неоднократно избирался депутатом сельского, районного, областного и краевого Советов депутатов трудящихся, членом Астраханского райкома партии. В 1967 году был избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР по 410 Новочеркасскому избирательному округу.

В 1970 году (на сорок девятом году жизни) сердце Колжабая Жунусова перестало биться. Он прожил короткую, но

ска: «Жунусов Колжабай (1922 – 1970 г.г.) – первый директор совхоза «Путь к коммунизму». Энциклопедическая статья, посвященная Жунусову Колжабаю, помещена в энциклопедию «Лучшие люди Казахстана» выпуск №2 2010 года.

Рассказывая про Колжабая Жунусовича, никак нельзя не вспомнить о его супруге, Рысты Орынбаевне. Всю свою жизнь она оставалась надежной опорой и верным помощником Колжабая Жунусовича. После его смерти, на ее руках остались восемь детей – мал-мала меньше, а ей в ту пору было всего 42 года. Но она выстояла и выдержала. Воспитала и подняла на ноги всех, все ее дети получили высшее образование, стали достойными гражданами нашей страны. Прекрасной женщины не стало в сентябре 1988 года.

Сегодня очень хочу с любовью и уважением вспомнить также старшего сына Колжабая Жунусовича - Уали. Этот человек, который после ухода отца, стал на-



Родины и был удостоен высокой государственной награды ордена «Құрмет» в 2019 году, а в декабре 2021 года награжден юбилейной медалью «30 лет Независимости Казахстана».

Мугульсум – работала главным врачом в детской железнодорожной больнице, в настоящее время на заслуженном отдыхе. Жуматай – продолжил дело отца, работал главным агрономом и директором совхоза, пенсионер. Багдат – работала в системе образования. Ботагоз – директором школы г. Нур-Султан. Сулеймен – нотариус Астраханского района. Болат – предприниматель.

Выросли дети и стали достойными продолжателями дела отца. Растут внуки и перенимают его лучшие человеческие качества, манеры, стараются быть как он: принципиальными, настойчивыми в достижении поставленной цели, подрастают и правнуки, которые словно зеркало души, отражают суть личности замеча-

дей в правильности принятого решения.

У него было ценное качество – он по мелочам не «дергал» специалистов, давал им возможность самостоятельно принимать решения проявлять творчество. Еще одна особенность характера вызвала уважение – никогда не давал публичных или в личных беседах обещаний, которые невозможно было выполнить. Он был человеком слова и конкретных дел – в этом односельчане убеждались не раз.

У Колжабая Жунусова была открытая, обаятельная улыбка – притягивающая и благотворно влияющая на окружающих его людей. Он был талантливым руководителем, но почет и уважение заслужил именно за простые человеческие качества и этим можно объяснить долгую и добрую память о нем.

**А. ТЮЛЕБЕКОВ,
учитель КГУ «ООШ №2
села Астраханка».**

ҚАҢАРЛЫ ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ

Жыл басталмай жатып елімізді ғана емес, әлемді дүр сілкіндірген қаңтар оқиғасы күппеген және «күткен» қасірет әкелді. Себебі елдегі ахуал, кеңестік құрсаудан шығып 30 жылдық тұзаққа түскен тұрлаусыз тіршілікте күндердің күнінде әділетсіздік пен жемқорлық, басып-жаншудан ашыққан халықтың бір бас көтеретініне көпшілікте күмән жоқ еді.



Ал байлықтың үстінде отырып қымбатшылықпен қысқан билікке наразылығын көкейінде 2011 жылғы қанды қырғынның жарасы болса да Жаңаөзен халқы бейбіт түрде талап еткен еді. Бұл бүкіл елдің бойындағы сыздаулықтың шиқанға айналған сәті болса да, халық бейбіт түрде Жаңаөзен халқы қолдап қана емес, өз мұң-мұқтажын қоса арқалап шықты. Бірақ бейбіт алаңның арандатушылардың айлаға асырып кетерін ешкім күтпеді. Халық та, қазіргі билік те.

Иә, оқиғаның өрбуі әлем назарында. Қантөгіске басты кінәлілер туралы ел ішінде де, сыртқы әлемде де түрлі болжамдар айтылуда. Шетелдік ақпарат көздерінде беріліп жатқан ақпарат, сұхбат, сараптама, талдаулар, спикерлер көп нәрсені ақтарып, астарлап жеткізуде. Көзіқарақты жұртшылық анық түсініп отырса да, ел назарын теріс жолға бұрмалауға бейім ақпараттар да өз миссияларын жасап қалуға әлек.

Біршама ақпарат көздерін, сараптамаларды салыстырсам да, өте нәзік те батыл, сатқындық пен адалдық, шындық пен өтірік, ақиқат пен жалғандық арпалысып, шынайы бетбейнелерді айқындай түскен оқиғаның саяси астарына кіру менің мүддем емес. Бірақ қаңтар қасіретінен оңалуға қатысты пікіріміз пайдаға тиер деген үміттеміз.

«Біз Тоқаевты қолдаймыз, ол жемқорлықты тоқтатын!» деген жалаңаяқ аңғал жастар мен жұртшылық арасына мақсатты түрде кірігіп кеткендерді ешкім күтпеген. Сондықтан қолдарына таяқ ұстап, әскерилер мен полицияларды көрсе, бас салып біреуіне он шақты жабыла кететін қара киімді қаракөздердің, қаруланған жабайы топтың жай шерушілермен арасы жер мен көктей еді. Көзді ашып-жұмғанша бейбіт қаланы қирату бұзақылығынан асып, айуандық әрекеттермен қанға боялған қиын сәтте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әр сөзі мен шешімінен үміт еткен халық пен айтылған сөздерді бұрмалаушылар қатар бой көтерді.

Әуелі шетелдік сарапшыларды елең еткізген мәлімдеме арасынан «Алматыға шабуыл жасаған 20 мың террорист» деген сөзді шығарып, талқыға салуда. Осыған орай ел ішінде де, сыртында да сөзді іліп әкетіп, ілік іздеушілер де, ұпай жинаушылар да көпшілікті шатастыруда. Билікті көздеген мақсатты топтың бүліктерін дінмен байланыстырып, жалпы мұсылман жамағатына топырақ шашуға ұмтылушылар да бар. Сондықтан маман ретінде ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерді жаулап алған мәліметтердің ақ-қарасын ажырату үшін Президенттің сөздерін қайта-қайта тыңдап қарауға тура келді.

Біріншіден, «20 мың террорист» деген нақты сөз тіркесі болған жоқ, «Алматының өзіне 20 мың бұзақылар шабуыл жасады» деп айтылған. Сондай-ақ бұл арада террористердің тікелей қатыстылығы, шетелдік содырлардың бар екені мәлімделді. Себебі белгілі халықаралық террористердің тәжірибесіне сай бұзақылар мәйітханаларға шабуыл жасап, өз адамдарының мәйітін алып кеткендігі, алаңдағы қаруластарының мәйіттерін қалдырмай іздерін суытуы айтылды.

Осыған орай 20 мың бұзақының өзіне күмән келтіріп, митингіге қатысушылардың барлығы ары кетсе, 20 мыңға жуық дегендей күдіктерін

келтірушілер бар. Алайда болған оқиғаларға сай ақпарат құралдарына сүйенсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «20 мың» деген санына күмән қалмайды. Сондықтан бір мезгілде маңызды нысандарға жасалған шабуылдардың қатарын саралайық:

Жаппай қиратып, өртеу қаңтардың 4-нен 5-не қараған түні орын алған.

Алматы Орталық алаңына шоғырланған маңызды нысандарға тоқталсақ, Алматы әкімдігі мен Қазақстан Ұлттық арнасының тұқ қалмай өртенуі, одан өзге Президент резиденциясы жалынның астында қалып, «Еуразия» арнасының Алматы филиалы, «Европа плюс», «Русское радио» тоналып, өртелген.

«31 арна» хабарлағандай, Алматы Полиция департаменті қару сақталған бас кеңсесі мен 3 бірдей әкімшілік ғимаратына, түнгі 24:30-тен таңға дейін Алматы полициясы департамент, бөлімдеріне 27 шабуыл жасалған. Сондай-ақ Әуезов, Медеу, Бостандық, Алмалы, Түркісіб, Наурызбай, Алатау аудандық полиция бөлімдерін, одан өзге көптеген дүкендер, бизнес орталықтары қиратылып, тоналған. Ескеретін нәрсе барлығы бір түнде бір сәтте жасалған. Сол түні бірқатар офицерлері мен курсанттарынан айрылған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі академиясына да шабуыл жасалып, зардап шекті.

Бір түнде болған осынша оқиғаны санаулы топ жасауы мүмкін емес, нақты мақсатты дайындалған қалың қарулы топтардан келген қасірет. Оған келесі оқиғаларды қосайық.

5 қаңтарда Фейсбук желісінде Жандос Құрманбаев деген азаматтың Сейфуллин мен Шевченко көшелерінің қиылысында көпқабатты үйден сағат 14:40-та түсірген 15:47 минуттық бейнематериалынан көп нәрсені байқауға болады. Автор Орталық Алаңға ағылғандар арасында қарусыз шамамен 1200-дей Ұлттық гвардия жауынгері мен 500-дей ОМОН сарбаздарын байқаған. Бірақ олардан өзге шамамен 15 мыңдай адам өтсе, оның басым бөлігі агрессивті, қолдарында таяқ, арматуралар, әскери қалқандар мен каска кигендер екенін айтқан.

Түсірілімнен байқағанымыз көбісі қара киінген, арасында қызыл куртқалар қылаңдайды. Әскерилерге тап беріп, жа-

былап төпкілеп, қалған, киімдерін тартып алып жатыр, бір кезде жедел жәрдем көлігін көріп шабуылдап жүгіре бастады. Ақпарат құралдарында сол кезге дейін «300-дей нысан қиратылып, оның ішінде 120 дүкен тоналып, дәмханаларға баса-көктеп тамақ пен ішімдік талап еткен адамдар жайлы ақпаратқа сенбеу мүмкін емес» деген автор, «агрессивті қаруланған қара киімді адамдардың ешқандай бейбіт шеруші емес, олармен диалог жасау мүмкін емес» деген ойын да ашық айтқан.

Дәл сол күні Алматы қалалық әкімшілігі мен Президент резиденциясына жақын ҚР Мемлекеттік Орталық мұражайындағы шабуыл әрекеті оқиғаны айқындай түседі. Музей директорының орынбасары Бибігүл Дәндіқарақызының айтуынша, шамамен сағат 16:00 кезінде шамамен 200-дей шабуыл жасаушы жастар мұражайға ентелеп кірген.

Қиратуды көздеген топты тоқтатқан Бибігүл Дәндіқарақызынан олар «Алтын адамның» түпнұсқасы мен қылыштар, алтыннан жасалған бұйымдарды талап еткен. «Шабуылдаушылар бес сағаттай музейде болған кезде бункерде құқық қорғау органдарының 15 адамы жаралы жатқанын білмеді. Барынша білдірмеуге тырыстық. Араларында біреуі барынша тіміскілеп, сақтық танытып, бірдеңеге сезіктеніп жүргенін байқадым. Оны да сөзге тартып, көңілін аулауға тырыстық», – деді Б.Дәндіқарақызы.

Бұл басбұзарлар жайлы kazmuseum.kz: «Бір кезде арасындағы 20 шақтысы діни рәсімдерін жасап, музейде тыныштық орнады. Құлшылықтарын жасаған соң, барлығы сөзге тоқтады. Арасындағы біреуіне бағына бастады. Шамамен 5 сағаттай уақыт өткен соң, сырттан қара пальто киген екі жігіт келді. Жақсы киінген, түзу адамдар сияқты көрінді. Ол екеуі топты басқарып жүргендермен сөйлесіп, Алматы әуежайына кететінін, біраз уақыттан соң қайтып келетінін және музей ғимараты олардың штабына айналатынын айтты», – деген.

Ал белгісіз де белгілі жағдайда күзет, тәртіп сақшылары қалмаған Алматы әуежайына шамамен 800-дей адам шабуыл жасаған. Бұған көшеде өртелген көліктер, қиратылған ғимараттар, әскерилер мен полицияларға жасалған шабуылдарды қосыңыз. Міне, бұл

алғашқы тәуліктегі көріністен кейін бұзақылар мен содырлардың қатары 20 мыңнан кем деу ақылға сыймайды.

Сондықтан Мемлекет басшысының сеніммен айтқан сөздеріне күмән келтіру мүмкін емес. Ал 30 жыл бойы қысымға ұшырап, бос уәдемен алданған елдің күпті көңілін сансаққа аударуды көздеген ақпарат көздерінің нені көксейтіні белгілі. Сол сияқты «Нұр-Отан» кеңселері секілді нысандардың қатар қиратылуы негізгі пиғылды жасыруға жасалған қосымша әрекеттер екеніне күдік қалмайды.

Мұражайға жасалған шабуылдан байқағанымыздай, өзара белгісі бар 200-ге жуық адам араларындағы белсендіге бағынса, оны сырттан жүйелеп отырған қара пальтолы тағы да басқарушы топ бар. Сондай-ақ алаңға шыққан бүлікшілерді қызыл куртқалы адамдар тобы басқарғандығы жиі айтылуда.

Қаңтар қасіреті қанша шаңырақты ортасына түсіріп, қанша адамның өмірін жалмағанын дәл қазір ешкім айта алмайды. Себебі алғашқы күндері-ақ мәйітхана мен қақтығыс орнындағы мәйіттерінің өзін жоқ қылу жәй бұзақылардың емес, нағыз әккі содырлардың әрекеті болса, олардың қолға түсе қоюы екіталай. Сондықтан бүлікшілердің қайта соққы жасамасына кім кепіл? Өйткені 30 жылдық билікке бағынышты топтардың санасы бірден өзгере қоймасы анық. Ал жылан қырық жерден кесілсе де кесірткедей күші болатындықтан, «биліктен айрылған кектің қайталануы мүмкін бе?» деген күдік бар. Тіпті біршама тынышталса да комендант сағаттарында бейбіт тұрғындарға оқ атып, мерт қылып жүргендер әскери киімге жасырылған «содырлар» емес пе деген күдік тудырады. Оған қос желтоқсаншы ардагердің атылып, көлігімен қоса өртелген өлімдеріне ұқсас оқиғалардың аз болмауы ой салады. Осынша опасыздықтың ылаңы біраз уақыт қарапайым халық пен билік тарапына босаңсымауға сабақ екені анық.

Ел аман болса, қираған ғимарат қалпына келіп, тоналған мүлік орны толар. Қаңтар оқиғасының бір сабағы халықтың құқық қорғаушыларға деген ашу-ызасы да бекер емес. Сондықтан ескі әуенмен «20 мың бұзақы» санын толтыру үшін бейбіт адамдар «бұзақы, террорист» болып айыпталып кетпейді ме деген алаңдаушылық басым. Халық ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлын шынайы қолдайды, сол үмітті нығайту үшін нақты батыл қадамдар аса маңызды. Соның бірі арнайы қоғамдық өкілдерден құралған құрамды комиссия жасақталуы мемлекет тарапынан қолдау көрсе, әділеттілікті жақындатар еді деген үмітіміз бар.

Сөз соңында бірқатар ұсынысымызды да айта кетуді жөн көрдік:

1. Бейбіт адамдар әділетсіздік құрбанына айналып, жазалануына жол бермеу;

Биліктен айрылушылардың сес көрсетіп, содырлық кекті соққысы қайталануы мүмкіндігінен сақтану;

Құқық қорғау орындарына қатысты халық арасында әлеуметтік зерттеу арқылы негізгі өзекті түйткілдерді анықтау;

Қақтығыста асыраушысы, ұрпағынан айрылған отбасыларға көмек;

5. Қақтығыста денсаулығынан айрылған курсант, әскерилер мен полицейлердің денсаулығының оңалуына қолдау;

6. Қанды қасірет себептері мен салдарына қатысты әлеуметтік зерттеулер арқылы арнайы бағдарламалар жасау.

Айша КЕҢЕСБАЙ.

Бұл фактінің қазіргі кезде орнығып, тіпті заңдылыққа айналғандай екінші жағы да бар. Ол – сондай тұлғалардың тасасында ұжымның (ауылдың, кәсіпорынның, мекеменің...) қара жұмысына жегіліп, келіспейтін жақтарды келістіріп, даулы мәселелердің жігін жатқызып, ауқымды іс-шараларды ұйымдастырып жүретін орынбасары – бір нәзік жандының болатыны. Ондай жандардың бағасын тұманды Альбион елінің «Әр мықты ер-азаматтың артында мықтылығы одан еш кем емес әйел тұр» («За каждым сильным мужчиной стоит не менее сильная женщина») деген мақалынан асып әлі ешкім бере алмаған сияқты.

Бүгін сондай жандардың біреуіне тоқталсақ деп отырмыз. Бірақ, әуелі «заңдылыққа айналғандай» дегенімізге бір мысал келтіре кетейік. Қазір қалай екенін білмеймін, мен қызмет еткен жылдардың басым көп бөлігінде Сенат аппаратында бөлім басшылары ер-азаматтар, ал орынбасарлары – әйелдер (соның ішінде өзім де бармын) болатын. Содан бері мемлекеттік (басқа да) органдардың құрылымдарына зер сала жүріп, сірә, мұндай құрылым барлық дерлік ұйым-мекемелерге тән-ау деген ой түйдім.

Біздің кейіпкеріміз Хадиша Әбдіразаққызы Ерсейітова да – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты (құрылған кезде ҚР Президенті жанындағы) «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары. Ол осы лауазымға тағайындалғалы бірнеше директор ауысты. Беделді, танымал, зиялы, жас, жасамыс директорлар келіп-кетіп жатты, орынбасарлардың да бірге кететін кездері бар, өзгермейтін жалғыз орынбасар – Хадиша Әбдіразаққызы. Содан да болар, белгілі бір бағдарламалық құжат дайындау керек болса, ауқымды іс-шаралар өткізу кезінде Ассамблеяға қатысты тақырыптарды одан терең білетін, мемлекеттік органдармен, оқу орындарымен, өңірлермен байланысы одан мықты және орнықты ешкім жоқ екеніне талай рет көзіміз жетті.

Адамдармен тіл табыса білуі, идеяға иландырып, өзіне сенгендерді алға жетелей алуы бүкіл саналы ғұмырларын елге қызмет етуге арнаған, бірі – мемлекеттік қызметші, бірі –

ұстаз әке-шеше тәрбиесінен дарыған деседі жақын білетіндер. Орынды пікір. Халқымыз «Ұяда не көрсен – ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтпаған ғой.

Оған қоса, мен оның еңбек жолын жоғары білім беру саласында бастап, студент жастардың жаңашыл идеялары мен тың бастамаларын іске асыру үшін өзі де тап сол жастардай таңды таңға ұрып, қызығушылықпен еңбек еткенінің де әсері мол болған деп ойлаймын. «Хадиша – бойына көшбасшылық дарыған адам, – дейді жастық шағының куәгері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Майдырова. – Ол дәріс оқумен қатар, студенттер арасында тәрбие жұмысын жүргізіп жүріп, ол санаттың психологиясын жетік меңгерді. Содан да болар, жастардың небір мәселелерін шешіп, тығырықты

жағдайларда жол табатын».

Еңбек жолының бұдан кейінгі сатыларында Хадиша Ерсейітованың жаңа қырлары ашыла түсті. Мысалы, жастармен жұмыс істеу тәжірибесі ҚР Білім министрлігінде Қазақстан азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2005-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын жазысуға, 2006 жылы ТМД елдерінің Дельфий ойындарын ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізуге көмектесті.

Ал «Қазақстан халқының рухани даму қоры» акционерлік қоғамының

мың түрлі мехнаты бар екенін сырт адам біле бермейді. Және оның білінбеуі – ұйымдастырушылардың мықты кәсіби деңгейінің белгісі. Х.Ерсейітованың үзеңгілес әріптесі, белгілі суретші Әбдімомын Әсілов: «Оның іс-шараларды ұйымдастыруы, әріптестерімен тіл табыса жұмыс істеуі – үлкен бір мектеп. Осындай еңбегінің арқасында жоғары деңгейлі маман биігіне көтерілді. Ал кісілігі, адамгершілігі бөлек әңгіме...» дейді.

Бұл сияқты пікірлерді кезінде қасында жүріп үйренген және кейіннен

«ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ» ҚАРА НАРЫ

Ана тілімізде сөз қолданудың ежелден келе жатқан, қалам ұстаған жанның бәріне түсінікті тұстары бар. Солардың бірі – «қара нар» деген теңеудің ер адамға қатысты айтылатыны. Және ол теңеуге екінші бірі емес, өз саласын (ауылын, өлкесін...) дамытып, өркендетуге ерен еңбек сіңірген тұлға ғана лайықты. Бір қуаныштысы – елімізде ондай жандардың көп екендігі. Өз басым олар туралы күн сайын бұқаралық ақпарат құралдарында шығатын материалдарды көргенде, қазақтың ұл-қыздары үшін кеудемді мақтаныш кернеп, кәдімгідей серпіліп қалам.



бас менеджері ретінде мәдениет саласында ірі жобаларды іске асыруға: республикалық және халықаралық конференциялар мен форумдар өткізуге, конкурстар мен көрмелер, шет елде мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға мұрындық болды.

Мұндай тәжірибе оның қазіргі – бас сарапшы болып кіріп, білімі мен біліктілігінің арқасында директордың орынбасарлығына дейін көтерілген қызметін мінсіз атқаруға көмегін тигізгені сөзсіз.

Сан ғасыр бойы «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген ұстаныммен өмір сүріп келе жатқан еліміздің қазіргі ішкі саясатының басты бағыттарының бірі бірлік пен татулықты нығайту екені айтпаса да түсінікті жай. 2014 жылы Елбасының Жарлығымен құрылған ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметі де осы ұстанымға сәйкес келеді. Жыл аяғында құрылған мекеме өткізген ең бірінші ауқымды іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы еді.

Теледидардан қарап отырғанда бәрі рет-ретімен болып жатқан, тіпті ешқандай қиындығы жоқтай көрінетін мұндай ауқымды іс-шараны өткізудің

сол дағдылар кәделеріне жарап, биікке көтерілген Әділет Дүйсенбиев, Амангелді Смағұлов, Құралай Тілеулинова сияқты жастардың да айтқанын естідік. Олардың «Қоғамдық келісімнің» мектебінен өткеннен кейін кез-келген ауқымды жобаларға батыл түрде атсалысуға болады екен» деген пікірлерінде терең мән бар.

Солардың бірі бүгінде еліміздегі ең жас мектеп директоры, «ДАРА» бизнес-академиясының басшысы Ақмарал Бекбай: «Ассамблеяның баспасөз қызметіне келгенде танысқан өмірлік ұстаздарымның бірі – Хадиша апай. Бос отыруды білмейтін, жауапкершілігі мықты кісі екені бірден байқалды. 2015 жыл ҚХА жылы деп жарияланды ғой. Іс-шарадан соң іс-шара. Ең ерте келетін де, ең кеш қайтатын да сол кісі. Телеарнаға сұхбат беру керек, спикер бар ма деп келсем танымайтын адамы жоқ. Елімізде қанша этномәдени бірлестік болса, солардың басшысынан бастап бар мүшесін біледі ғой. Ол кісінің іскер ғана емес, бауырмал жан екеніне сол кезде көзім жетті» дейді.

Бірлік, қоғамдық келісім, татулық идеяларын жария етіп қана қоймай, жас ұрпақты ұлтына, тіліне, дініне қарай жарылуға емес, жасампаздыққа бастайтын іс-шараларды ел ауқымында

ұйымдастырып отырудың маңызы зор. Әрине, бұл үшін орталық мекеме мен өңірлік филиалдар жұмысының үйлесімді болуы шарт. Бұл ретте Ассамблеяның облыстық хатшылықтармен, «Қоғамдық келісімнің» филиалдарымен байланысы нақты, сындарлы болуы – жұмыс нәтижелілігінің көпілі.

Оның бір мысалын бүгінде Қостанай облыстық «Nur Otan» партиясы филиалының басшысы Бибігүл Аққожинаның: «Облыстық ассамблея хатшылығының меңгерушісі болып қызмет істеген кезімде басқа өңірлердегі әріптестерімнің: «Іс-шара өткізгенде Ерсейітова ескермейтін ұсақ-түйек жоқ», «Бір мәселені түсінбей жүр едім, Хадиша Әбдіразаққызы жөн сілтеді» деген сияқты сөздерін жиі еститінмін. Жүре келе іс-шара өткізуде талапшыл, қай уақытта хабарлассаң да телефонның көтеретін кішіпейіл, қолұшын беруге дайын тұратын қамқор адам екеніне өзімнің де көзім жетті. Орталықтан басталған барлық істі әрі қарай жүргізудің мән-жайын сол кісіден білетінбіз» деген сөздерінен көруге болады.

Қызмет орнында Хадиша Ерсейітованың ұйымдастырушылық қабілеті де, іскерлігі мен біліктілігі де лайықты бағаланып келеді: Алғыс хаттар мен грамоталары, мерейтойлық медальдарды былай қойғанда. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Ассамблеяның «Бірлік» медалімен наградталған. Бірақ, біз үшін басты көрсеткіш – ҚХА хатшылығының басшылығында болған азаматтар қандай жобаны қолға алғанда да бұған сенім артып, ең жауапты жұмыстарды тапсыруы. Яғни, артылған жауапкершілік жүгін қара нардай тарта алатын адам – Хадиша Ерсейітованың әлеуетін тану деп түсінеміз. Бұны олардың ұжым жиындарында жастарға өнеге етіп айтатыны да қуантады.

Ал, ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы, белгілі қоғам қайраткері Нәзипа Ыдырысқызы Шанаи әріптес сіңісінің адами болмысын тап басып, таныған. «Хадиша Ерсейітова – ең алдымен, білікті маман, заманауи қалыптасқан басшы. Бірақ, осы заманауилығының негізінде қазақи тәрбиенің негізі жатыр. Өзінің айтуына қарағанда әжесінің тәрбиесінде болған бала екен. Мінезінде «ел анасы» болатын тұлғалық нышандарды көремін – тереңдік, шешім қабылдаудағы байсалдылық, қазақ қызына тән шыдамдылық. Сонымен қатар, ұлттық өнерге деген ерекше ықыласы тәнті етеді – Қорғалжынның топырағының асылдығы да шығар – Хадиша әнді санаға жеткізе, сүйсіндіре орындайды. Жас та болса Хадишада мен үйренер көп нәрсе бар» дейді ол риясыз көңілмен.

Иә, өмір адамдардың бір-бірінің бойынан жақсылық іздеуі, содан үйренуге ұмтылуымен бағалы. Сондықтан, танық-танымайық, өнегесін үйренер жақсы адамдар көбейе берсе екен деп тілейік.

Өйткені, сондай жандар небір қиындыққа тап болғанда қолын созады: жоғыңды бірге іздейді; жүрегіңді шуаққа толтырар жылы сөз айтады; жаныңды сәулеге толтырады... «Солардың бірі – Хадиша!» деп айта аламын.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МЕМЛЕКЕТТІ НЫҒАЙТУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу және оның алдын алу Қазақстанның бүгінгі күндегі басты мәселелерінің бірі болып отыр. Жемқорлық – үлкен әлеуметтік қасірет болып табылады. Ол мемлекеттік құрылымды іштей бұзып, еліміздің дамуына, халқымыздың игілігіне барын салуға дайын азаматтардың прогрессивті бастамаларын жоққа шығарады.

Сыбайлас жемқорлық бір күнде жойылатын кесел емес. Бұл құбылыспен еліміздің әр азаматы жұмыла күрескен сәтте ғана іс нәтижелі болатыны айқын.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысын қайта форматтау процесі жүріп жатыр, яғни, салдармен күрестен Біз сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және қылмыстық сұлбаларды ашуға көшеміз. Қызметтің үш негізгі функциясының өзара іс-қимылы күшейтілді.

Бұл – ПРЕВЕНЦИЯ, АНЫҚТАУ және ТЕРГЕУ. Бұл ретте басты рөл превенцияға берілген, өйткені, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін кейін қылмыстық істерді анықтау мен тергеуге қарағанда, уақытылы жою тиімдірек.

Ағымдағы жылдың басынан бері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау облыстың 9 мемлекеттік органында жүргізілді, нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет мәселелеріне өзгерістер енгізуге қатысты 50 ұсыным енгізілді.

5 НҚА (оның ішінде республикалық маңызы бар) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Мысалы, Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының талдау қорытындысы бойынша «дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу-ды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына» комиссия отырыстарында ашықтық пен жариялылық жағдайларын, сондай-ақ, конкурстық комиссияның шешімдер қабылдауының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында төндерлік комиссияның отырысында аудио және бейнетіркеуді қолдану бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Ағымдағы жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет біріктірілген аналитиканы, яғни, нақты салаға кешенді талдауды енгізгенін атап өткім келеді, оның басты мақсаты сыбайлас жемқорлық сұлбаларын жою және парақорлық үшін жағдайларды барынша азайту болып табылады. Сондай-ақ, департамент түрлі қызмет салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы 12 мониторинг жүргізді.

Мемлекеттік сатып алулардағы бағаны көтеру, бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануды және ұрлауды болдырмау фактілерін анықтау мақсатында департамент жүйелі негізде мемлекеттік сатып алуларға бірыңғай сатып алу терезесі арқылы мониторинг жүргізеді.

Яғни, егер мекеме орташа нарықтық құнмен салыстырғанда сатып алуға жоспарланған тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге жоғары баға көрсеткен болса, департамент мемлекеттік сатып алу жоспарын қайта қарау және түзету туралы тиісті ұсыныстар жібереді.

Мысалы, Бұрабай ауданы Щучинск қаласының жоғары педагогикалық колледжі бастапқыда жалпы сомасы 16,5 миллион теңгеге кереуеттер сатып алуы жоспарлады, бағасы 55 000 теңге, ал бір кереуеттің нарықтық құны 29 200 теңгені құрайды. Департамент дер кезінде әкімшіге ұсыным-хат жолдады, нәтижесінде үнемдеу 8,7 миллион теңгені құрады.

Квазимемлекеттік компаниялар мен жеке сектор ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және парасаттылық қағидаларын қамтамасыз етудің қазіргі заманғы тиімді құралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс болып табылады. Естеріңізге сала кетейін, өткен жылдың соңында квазимемлекеттік сектор ұйымдарында комплаенс құрылымдарды анықтау туралы норма заңнамалық түрде енгізілді, жеке компаниялар үшін заңмен өз қалауы бойынша комплаенс-қызметтерді құру құқығы бекітілді. Олардың негізгі міндеті – ұйым қызметкерлерінің де, оның контрагенттерінің де құрметті және этикалық мінез-құлқының корпоративтік стандарттарының сақталуын бақылау.

Қазіргі уақытта өңірдегі 300-ден астам квазимемлекеттік сектор ұйымдарында

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер тағайындалды.

Комплаенс-қызметтер институтының ұйымдарында осыны енгізуге ерекше көңіл бөлінеді, сондықтан, қазір жауапты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйесінің теориялық және практикалық аспектілеріне, атап айтқанда, ISO 37001 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандартты қолданудың негізгі негіздеріне оқыту жүргізілуде. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық үшін отставкаға шығу институтын іске асыру жалғасуда. Бүгінгі күні осы норманы іске асыру шеңберінде өңірдің бірқатар лауазымды тұлғалары орнынан түсу туралы өтініш бергеннен кейін жұмыстан шығарылды, сондай-ақ, қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Аталған мәселе департамент басшылығының тұрақты бақылауында, апта сайын тіркелген қылмыстар мен шығарылған сот үкімдеріне мониторинг жүргізіледі. Қазіргі уақытта бірқатар қылмыстық істер бар, олар бойынша процессуалдық шешімдер қабылданғаннан және сот үкімдері күшіне енгеннен кейін қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін басшылардың дербес жауапкершілігі туралы мәселелер қаралатын болады. Әрбір басшы өзі басқаратын мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан қызмет үшін дербес жауапты болатынын тағы да атап өткім келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 15-бабы (балтары) бойынша әкімшілік хаттамалар жасау жолымен әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды шарасы болып табылады 154, 173, 658, 659, 660, 661, 662, 665, 667, 676, 677, 678, 679, 680, 681-баптар. Естеріңізге сала кетейін, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулерге сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің кейін соттар қарайтын 15-бап бойынша әкімшілік хаттамалар жасау арқылы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесу құқығы бар. Әкімшілік тәжірибе неғұрлым ауыр сыбайлас жемқорлық көріністерінің уақытылы алдын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні біз ӘҚБтК-нің 681 (бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау), 676 (жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі), 677 (мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы), сондай-ақ, 665 (прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеуі) баптары бойынша 8 әкімшілік материал жасадық. Аталған материалдар бойынша 2 миллион теңгеден астам сомаға айыппұл салынды және өндірілді.

Мысалы, ағымдағы жылдың қыркүйек айында облыстың жергілікті атқарушы органдарының бірінші басшы лауазымды тұлғасы ведомстволық бағынысты мекеменің қызметкерінен лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамау себебінен қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тартпағаны үшін алкоголь өнімі және кондитерлік өнімдер түрінде сыйлықтар алды, осылайша ҚР ӘҚБтК 677-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасады. Кінәлі адам 300 АЕК (2021 жылға 875 100 тг) көлемінде әкімшілік айыппұл түрінде әкімшілік жазаға тартылды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау себептері мен жағдайларын жою мақсатында департамент жасалған қылмыстар бойынша талдау жүргізеді, оның шеңберінде оларды жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою бойынша ұсыныстар енгізіледі (ҚР ҚДЖК 200-бабы). Облыстың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі 55 ұсыныс енгізді. Мемлекеттік қызметшілер мен түрлі ұйымдар қызметкерлерінің қатысуымен 31 кездесу өткізілді. Қарастырылған ұсыныстардың нәтижелері бойынша 41 лауазымды тұлға



тәртіптік жауапкершілікке тартылды, олардың 23-і басшылық құрам.

7 лауазымды тұлға атқаратын қызметінен босатылды. 11 тұлғаға қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескертілді, лауазымды тұлғалардың жартысынан астамы сөгіс пен ескерту алды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған бейжай емес азаматтар ерекше үлес қосуда. Осы орайда, сараланған сыйақы жүйесі енгізілді. Оған сәйкес сыбайлас жемқорлық туралы хабарлама үшін 11 миллион теңгеден астам қаражат алуға болады. Бұл шара, ең алдымен, халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке белсенді тартуға бағытталған.

Анықтама үшін пара немесе келтірілген залал сомасы не ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны 1000 АЕК-тен аспайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша 2021 жылға 2 917 000 теңге, сыйақы сомасы қылмыстың ауырлығына байланысты 30-дан 100 АЕК-ке дейін құрайды. Егер жоғарыда көрсетілген сома 1000 АЕК-тен асса, сыйақы 10 пайызды құрайды, бірақ, 4 000 АЕК-тен аспайды (11 668 000 теңге).

Жыл басынан бері өңірде сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған 10 адам 1,2 миллион теңгеден астам қаражат алды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық ақмолалықтарды белсенді азаматтық позицияға шақырғым келеді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жағдайларына тап болған кезде дереу агенттіктің 1424 Call-орталығына немесе облыстың антикоррupsия хабарланса, біздің құзыретіміз шеңберінде барлық қажетті шаралар қабылданатын болады.

Агенттіктің уәкілетті аумақтық органы ретінде департамент қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында әртүрлі нысаналы топтар арасында түсіндіру сипатындағы профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Мәселен, «Antikor. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы контентті онлайн режимде тұрақты трансляциялауды қарастыратын» Live» бағдарламасында мемлекеттік органдар басшыларының, өңірлер әкімдерінің, белгілі қоғам қайраткерлерінің қатысуымен департаменттің әлеуметтік желілердегі парақшаларында 259 сұхбат жүргізілді. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету мақсатын көздейтін «Adal kömek» жобасы аясында жыл басынан бері адвокаттардың, нотариустардың, заң саласы өкілдерінің 1108 онлайн консультациясы өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шеңберінде жүйелі және үйлестірілген өзара іс-қимыл мақсатында ағымдағы жылғы шілдеден бастап профилактикалық іс-шаралар парасаттылық мәдениетін ілгерілету жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес жүргізіледі. Бұл жоспар өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелеу, мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету, квазимемлекеттік және жеке секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ілгерілету, түрлі этностар мен діндер өкілдерімен өзара іс-қимыл мәселелерін, сондай-ақ, жалпы сипаттағы іс-шараларды қамтиды.

Адамдардың дүниетанымының қалыптасуына әсер ете алатын қазіргі өмірдің маңызды бөлігін бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатыны сөзсіз. Сондықтан, департамент өз жұмысында қоғамның белсенді азаматтық ұстанымын құру және әркімнің

сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілігі шеңберінде БАҚ өкілдерімен белсенді ынтымақтастық орнатып келеді.

Мәселен, есепті кезеңде республикалық және жергілікті телеарналарда 223 сюжет жарық көрді, 912-ден астам материал ақпарат агенттіктерінің интернет ресурстарында орналастырылды (олардың 50 пайыздан астамы республикалық ресурстар), баспа ба-сылымдарында 386-ға

жуық мақала жарияланды. Департаменттің қызметі туралы материалдар тұрақты негізде БАҚ-та, ресми сайтта және әлеуметтік желілерде орналастырылады. Әр апта сайын департаменттің «Адалдық алаңы» арнайы бағдарламасы көрсетіледі. Сонымен қатар, департаменттің бастамасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы 16 бейнеролик ұйымдастырылды, оның ішінде әлеуметтік – 12, «парасаттылық сағаты» шеңберінде – 4 бейнеролик.

Стратегиялық құжатта көрсетілген негізгі реформалардың ішінде – негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу; «follow the money» («фоллоу зе мани – следуй за деньгами») қағидаты бойынша қылмыстық активтерді іздеу мен қайтаруды қамтамасыз ету, лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа тұрақтылығын тексеру – «Integrity check» (интегри чек). Қоғамдық бақылауды күшейтуге және БАҚ-тың қатысуына, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығына, адал бәсекеге дамытуға ерекше назар аударылды.

Бұдан басқа, үстіміздегі жылғы 31 мамырда еліміздің Премьер-Министрі мемлекеттік органдарға жобалық басқаруды енгізу туралы Қаулыға қол қойды, оның мәні – нақты нәтижелерге қол жеткізуге және жауапкершілікті дербестендіруге назар аудару отырып, жедел басқарудан және шамадан тыс бақылаудан кету. Жобалық басқарудың 6 негізгі базалық бағыты анықталды, олардың бірі төртінші бағыт – бұл «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» (№4 үлгілік базалық бағыт).

Барлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар осы бағыт шеңберінде іске асырылатын болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі де осы жерде үйлестіруші болып белгіленді. Сонымен қатар, алдын алу шараларымен қатар, департаменттің міндеттеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу кіреді. Мәселен, өңірдің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі 71 қылмыстық істі тіркеді, оның 45-і ауыр және аса ауыр қылмыстарға жатады. Негізінен, бұл ұрлау және алаяқтық, сондай-ақ, парақорлық фактілері.

Есептік кезеңде 46 лауазымды тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Олардың ішінде 5-еуі облыстық, 5-еуі қалалық, 6-уы аудандық деңгейдегі басшылар. Сондай-ақ, облыстың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жүйелі сыбайлас жемқорлықтың 7 фактісін анықтады. Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары тарапынан ШОБ қызметіне заңсыз араласудың 8 фактісінің жолы кесілді. Лауазымды тұлғалардың «көлеңкелі» экономика субъектілеріне қамқорлығының 4 фактісі тіркелді. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды сүйемелдеу аясында өңірдің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомствосы 16 қылмысты тіркеді. Жыл қорытындысы бойынша 1 миллиард теңгеден астам сомаға залалды өтеу қамтамасыз етілді.

Жемқорлықты жою еліміздің іргелі құндылығы, тәуелсіздігімізді нығайтатын негізгі шарттардың бірі болып табылады. Біз, азаматтық қоғамның барлық секторларымен, мемлекеттік органдармен, бизнес өкілдерімен тығыз ынтымақтастықта болу арқылы ғана осы мәселені шешіп, мемлекетіміздің гүлденуіне жағдай жасай аламыз.

Арман РАХЫМОВ,
Ақмола облысы бойынша
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы.

2022 ЖЫЛ - БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

ПРЕЗИДЕНТ 2022 ЖЫЛДЫ - БАЛАЛАР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. МҰНДАҒЫ МАҚСАТ - ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ЕҢ АЛДЫМЕН БИЛІК ТАРАПЫНАН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАСЫНДА НАҚТЫ ІС-ШАРАЛАР ЖАСАУ. ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗ СӨЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ МЕН БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ - БІЗДІҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МІНДЕТІМІЗ, - ДЕП БАСА АЙТТЫ.



«Барыс жылы» - балалар жылы деп жарияланды. Президент кешегі Үндеуінде де балалар мен жастарға, жалпы қоғамға қатысты өзекті мәселелерді көтеріп, нақты шешімдер ұсынды. Оның ішінде, «Қазақстан халқына» әлеуметтік қорының құрылатынын мәлімдеді. Осы қор қаражатынан сирек ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсетіледі. Бұл шешім ақмолалықтар арасынан да қолдау тапты.

Жаңа Жылмен құттықтау сөзінде Президент: «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес.

Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», - деді Президент, Осы ретте Мемлекет басшысы балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді. «Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес.

Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы - біздің жалпыұлттық міндетіміз», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент негізі өскелең ұрпақтың болашағына аса мән береді. Ауқымды жұмыстар мен реформаларды жастар сезінуі керек. Жастар арасында көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар көп. Біз олардың жолын ашып, қолдау көрсетеміз. Өз деңгейімізде болашағының зор болуына септігімізді тигіземіз. Президент жаңа қордың қаражаты денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталатынын айтты. Сондай-ақ, қалаларда, аудандар мен ауылдарда балаларға спорттық нысандар салынып, дарынды балаларға қолдау көрсетілмек.

Өз ақпараттарымыз.

СУБСИДИЯЛАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІН ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ӨЗІРЛЕНДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ БҮГІН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ ЕРБОЛ ҚАРАШӨКЕЕВ АЙТТЫ.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында саланы мемлекеттік қолдау жүйесін түзету бойынша ұсыныстар әзірленді.

Бұл, ең алдымен, оның тетіктерін оңайлатуға және бағыттарды оңтайландыруға, түпкілікті нәтижеге бағдарлануға бағытталатын болады.

Сондай-ақ, субсидия алушылар нақты индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша қарсы міндеттемелерді міндетті түрде қабылдайтын норма енгізіледі», - деді министр. Оның атап өтуінше, қазіргі уақытта ұсыныстарды АӨК-ні мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру бойынша құрылған жұмыс тобы қарауда.

Оған салалық қауымдастықтар мен одақтардың, агробизнесінің, ғылымның, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ ҚР Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары кірді. Қазіргі уақытта жұмыс тобының үш отырысы өтті.

«Жұмыс топтары өткізу қорытындысы бойынша 2022 жылғы наурызда субсидиялау жүйесін жетілдіру бойынша түпкілікті өзгерістер топтамасы Үкіметтің қарауына енгізу жоспарлануда. Бұдан басқа, министрлік субсидиялаудың бірыңғай интеграцияланған мемлекеттік ақпараттық жүйесін әзірледі. Субсидия алушылар үшін ақпараттық жүйенің қызметтері тегін болады. Қазіргі уақытта біз оның тестілеуін Ақмола облысында ілкі режимде іске қосамыз», - деді Ербол Қарашөкеев.

ЕСЛИ ВЕРИТЬ В ДОБРО...

В ЭТИ СЛОЖНЫЕ ДЛЯ НАШЕЙ СТРАНЫ ДНИ ХОЧЕТСЯ ОТОВСЮДУ ЖДАТЬ ТОЛЬКО ДОБРЫХ НОВОСТЕЙ, УЗНАВАТЬ О ХОРОШИХ ПОСТУПКАХ ОКРУЖАЮЩИХ И ВСЕ-ТАКИ ВЕРИТЬ В ЧУДЕСА... В МОЕЙ БОЛЬШОЙ МНОГОНАЦИОНАЛЬНОЙ СЕМЬЕ, В КОТОРОЙ МИРНО И ДРУЖНО УЖИВАЮТСЯ МЕЖДУ СОБОЙ ЛЮДИ РАЗНЫХ ЭТНОСОВ, ИЗ ПОКОЛЕНИЯ В ПОКОЛЕНИЕ ПЕРЕДАВАЛИСЬ ПРЕДАНИЯ, КОТОРЫЕ ПОРОЙ УДИВЛЯЛИ СВОЕЙ НЕВЕРОЯТНОСТЬЮ. ОДНИМ ИЗ НИХ Я ХОЧУ ПОДЕЛИТЬСЯ С ВАМИ, УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ.

Эту историю более 20 лет назад я узнала от своей свекрови Клавдии Петровны, которая будучи 10-летней девочкой оказалась в селе Старый Колутон Астраханского района Акмолинской области. События происходили зимой, в далекие 1930-е годы после страшного джута, прошедшего в Казахстане. Ее мама, Софья Ревенко, оставшись без мужа-кормильца с четырьмя детьми на руках, кое-как пешком со станции «Караганда-Сортировочная» добрела до этого села, в котором жил ее брат, с единственной надеждой - выжить. Брат взял сестру на работу в полеводческую бригаду и разрешил жить в бане возле дома, потому что места в его скромном жилище для второй большой семьи не было. Когда мама с рассветом уходила работать в поле, маленькая Клава смотрела за своими младшими сестренками. Так и звали они ее потом всю жизнь по-украински - «нянька».

Принесет мать с поля горсточку зерна, размолотит, помешает с кипятком - и получалась болтушка. Набегавшись за целый день, уставшие и голодные дети набрасывались на похлебку, насытившись, падали спать. Кое-как пережила семья холодную осень, а зимой, когда снег уже был довольно глубокий, остались они без единственной крыши над головой...


И стала Софья Марковна каждый вечер вместе с девочками искать себе новое пристанище. Дождутся, когда кто-то баньку

закончит топить, зайдут в нее, пока жар еще не остыл, и расположатся на ночлег. Долго так скитались они по селу, дожидаясь, когда чья-то банька освободится, пока однажды не увидели землянку, в которой слабо горел огонек. И пошли на него. Постучались. Маленькую дверь им открыл дедушка с длинной белой бородой.

Усталая женщина и измотанные дети попросились на ночлег. Хозяин землянки разрешил войти, а потом гостеприимно пригласил к столу. «Какое счастье для нас тогда было, когда мы увидели на столе при слабом свете лучины горячую картошку в мундире, черный хлебушек и даже немного крупной соли!» - не могла без слез рассказывать этот эпизод Клавдия Петровна, ведь в тот темный холодный вечер они совсем потеряли надежду на спасение, молила просто замерзнуть от холода..., а вместе с ней тихо всхлипывали и мы, ее слушатели.

В первый раз навевшись досыта за долгие месяцы, дети по настоянию незнакомца забралась на русскую печку и вскоре уснули. Мать прилегла рядом с печкой на лавке, укрывшись старой овчинкой. Сквозь глубокий сон среди ночи она услышала, что как будто стукнула дверь. Проснувшись, огляделась вокруг. Тишина... Только сладко сопели ее горемычные девочки. Подошла к двери, но она оказалась закрытой изнутри на крючок.

Поискала глазами в темноте деда и, не увидев его, вернулась на свою лежанку досыпать. Утром, когда стало светло, жен-



щина осмотрелась внутри маленькой землянки, но ее хозяина нигде не было. Вдруг в углу разглядела маленькую иконку. Присмотревшись, Софья Марковна узнала в ее лице хозяина землянки - Святого Николая Чудотворца. Поразившись, она вышла на улицу и стала расспрашивать соседей, откуда взялось это жилище. Но они только разводили руками, вспоминая, что на этом месте еще недавно были старые развалины, и никто в них не жил. С тех пор уже более 80 лет Николай Угодник считается покровителем семьи моего супруга.

Софья Марковна еще долго прожила в этой землянке с детьми, пережив следующие тяжелые годы военного лихолетья, так же работая в поле изо всех сил, а на столе иной раз были только лепешки из лебеды... Ее дочери выросли и разъехались. Моя свекровь вышла замуж за молодого фронтовика Ивана, который после окончания Великой Отечественной войны сначала вернулся на родину в Украину, а вскоре приехал в Казахстан поднимать целину.

Но это уже другая история...
Вероника БУРДА.

СИЫРЛАРДАН АУСЫЛ ТАБЫЛДЫ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШЕТ АУДАНЫНЫҢ КИІКТІ АУЫЛЫНДА СИЫР АРАСЫНДА АУСЫЛ АУРУЫНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ АНЫҚТАЛДЫ.

Ведомствонның мәлімдеуінше, Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталығының 14 қаңтардағы №1-S22R-38/B-01-02 сынақ хаттамасына сәйкес, Қарағанды облысы Шет ауданының Киікті ауылдық округінің Талдыбулақ қыстағындағы «Мұрат» ФШ-да ірі қара мал арасында аусыл ауруының қоздырғышы анықталған.

«Киікті ауылдық округінің әкімі Мерей Смағұловтың шешімімен 14 қаңтарда фермерлік шаруашылық аумағында карантин жарияланды. ҚР Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы Асқар Жақыпбаевтың шешімі бойынша дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу үшін республикалық қордан «Глюзамин ВЕТ» құралы бөлінді. ҚР Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының қаулысы негізінде инфекция ошағында мал қан шығарылмай жойылып, кейін ауру және олармен жанасатын жануарларды өртеу жүргізілетін болады», делінген хабарламада.

Жануарлардың өлексесін өртеу арнайы жабдықталған инсинератор (HURIKAN-3000) көлігінде жүргізіледі. Сондай-ақ мал иесіне өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Республикалық және жергілікті ветеринарлық мекеме-

лерден күштерді тарта отырып, инфекция ошағын толық жою жүргізіліп жатыр. «Ветеринариялық-карантиндік іс-шараларға сәйкес



инфекция ошағын жою жөніндегі штаб құрылып, ветеринариялық-карантиндік іс-шаралардың кешенді жоспары әзірленді, дезинфекциялық тосқауыл қойылды, жергілікті полицияны тарта отырып, Республикалық эпизоотияға қарсы отряд мамандарымен тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

Сондай-ақ дезинфекция жүргізіліп, БАҚ-та және әлеуметтік желіде аусылдың таралуын болдырмау және алдын алу бой-

ынша ескерту жарияланып, жаданамалар таратылды. Ауруды оқшаулау үшін 6 арнайы техника мен 25 қызметкер жұмылдырылды. «Сондай-ақ, карантин соңғы ауру жануар жойылған күннен 21 күн өткен соң және ветеринариялық-карантиндік іс-шаралар өткізілгеннен кейін қорытынды дезинфекция сапасының

нәтижелеріне сәйкес алынып-талатынын хабарлаймыз.

Ауру ошағындағы эпизоотиялық жағдай қатаң бақылауда», делінген хабарламада. Еске сала кетейік, аусыл - үй және жабайы жануарлардың вирустық ауруы, жіті инфекция байқалады, безгек және ауыздың шырышты қабығында, желінде және аяқта күлдіреу пайда болады. Адамдар аусылмен ауыруы мүмкін, бірақ инфекция адамнан адамға жұқпайды.

ҚАРАП ОТЫРҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ

БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗ ЕГЕМЕНДІГІН АЛҒАН ЖЫЛЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ САН АЛУАН КӘСІПТІ ИГЕРІП, ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖОЛЫНДА ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕТУДЕ. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА АУДАНЫМЫЗДЫҢ ОРТАБЫҒЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ АЙСҰЛУ ӨМІРЗАҚ ТА БАР.

Айсұлу Өмірзақ 1991 жылы 27 қараша күні дүниеге келген. Жасынан ол іс тігуге, тоқуға әуес болатын. Тапсырыс бойынша өзінің достары мен таныстарының киімдерін қалпына келтірумен айналысып, кәсіби шеберлігін шыңдады. Жылдар өтіп, сүйікті ісі өз жемісін бере бастағандықтан, жұбайының қолдауымен өзі ісін ашуға бел буады.

Қазіргі таңда шалбар тігу, қысқарту, қалтаны жамау сияқты кішігірім



істердің еш қиындығы жоқ сияқты. Бірақ, уақыттың жетіспеушілігіне байланысты мұның бәрі қолдан келе бермейді. Сондықтан, бұл істі құрал-жабдықпен жылдам, сапалы, тез арада атқарып беретін мамандарға сұраныс жоғары. Осы оймен Айсұлу Өмірзақ Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасының Астрахан аудандық филиалына келеді. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша курстан өтіп, жеке киім тігу және қалпына келтіру ісі бойынша арнайы бизнес-жоспарын қорғап, сертификат алған қыз 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қажетті грантқа ие болып, құрал-жабдықтар сатып алады. Жобаның түлегі бір шағын нысанды жалға алып, қазір өзінің сүйікті ісімен айналысуда. Мұнда матаға кесте тігу клиенттер арасында ерекше сұранысқа ие.

– Менің көп жылғы арманым еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығында орындалғанына өте қуаныштымын. Өйткені, өзім де осы тәуелсіздігіміздің құрдасымын ғой. Үшінші топтағы мүгедек болсам да, елім, халқым үшін аянбай еңбек етуге дайынмын әрі сүйікті ісіңмен айналыссаң, бойыңда бір күш-жігер пайда болатын сияқты. Алайда, соңғы кезде елімізде болған қайғылы жағдайлар бізді де қатты ойландырып тастады. Осы бір ауыр күндер тезірек артта қалып, жағдай тұрақтанса деп ойлаймыз. Біз үшін тәуелсіздік бәрінен қымбат. Қазақстанымыз дамып, нығая берсін! – дейді бізбен әңгімесінде Айсұлу Өмірзақ.

Салтанат БӘКІРОВА.

СЕНІҢ МАМАНДЫҒЫҢ - СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ!

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ. СІЗ КӨП МӘРСЕНІ АРМАНДАЙ АЛАСЫЗ, БІРАҚ ЕГЕР СІЗ ДӘЛ ТҮССЕҢІЗ, ӨМІР СӘТТІ ӨТТІ ДЕП ЕСЕПТЕҢІЗ.

Аспаз-кондитер - құрметті және сұранысқа ие мамандық, ол екі өнер түрін – шебер аспаз және қиял кондитерді біріктіреді.

Аспаз - ол суретші, жасаушы. Оның қолында қарапайым өнімдер өнер туындыларына айналады. Сіз тек тәжірибе арқылы аспаз бола аласыз. Аспаз жылдам, жинақы болуы керек, тағамдардың пішіні, сызығын, түсін сезінуі керек. Оқуды аяқтағаннан кейін маманға оның тәжірибесі мен дағдыларына байланысты белгілі бір біліктілік беріледі. Алынған разряд адамның ас үйде қандай функцияларды атқаратындығына әсер етеді. Аспаз көмекшісінен өндіріс меңгерушісіне немесе бас аспазшыға дейін, сонымен қатар ол жұмыс істейтін мекеме класына жатады.

Аспаз-кондитер - білікті маман-универсал ол кондитерлік өнімдер мен десерттер (балмұздақ, халва, тосап, торттар, вафли, печенье, кәмпиттер және т.б.), сондай-ақ, бірінші және екінші тағамдар жасайды.

Аспаз-кондитер міндеттеріне кіреді:

- құралдар мен жабдықтарды (таразы, ас комбайндар, пештер және т. б.) жұмысқа дайындау;
- өнімнің бар-жоғын және сапасын тексеру, сондай-ақ шикізатты жұмысқа дайындау;
- стандарттарды, өнімдерді салу және технологиялық карталарға сәйкес шығу нормаларын сақтай отырып, күрделілігі әртүрлі дәрежедегі тағамдар мен кондитерлік өнімдерді дайындау;
- дайын бұйымдарды порциялау, безендіру және босату;
- берілген рецептура бойын-

ша қамырдың, салындылардың, кремдердің әртүрлі түрлерін дайындау;

- нан өнімдерін пісіру;
- дайын өнімді безендіру және өрлеу;
- жұмыс беттерін, плиталарды, тоңазытқыштарды және басқа жабдықтарды таза және тәртіпте ұстау;
- жартылай фабрикаттарды салқындату, мұздату және сақтау;
- дайын өнімді орау және таңбалау.

Қолдану саласы. Аспаз мамандығы кез-келген салада сұранысқа ие: білім беру саласында (мектептерде, ауруханаларда, балабақшаларда), медициналық мекемелерде, өндірістік асханаларда, заманауи кеңселерде, мейрамханаларда, әскери мекемелер мен флотта. Жақсы қонақ үйлерде аспаз мамандығы қонақ үй бизнесінің кілті болып саналады.

Білікті аспаз, кондитер дайын тағамдар мен жартылай фабрикаттарды (фабрика-асүйлер, жартылай фабрикаттар комбинаттары, ірі супермаркеттердің аспаздық цехтары, аспаздық дүкендер) өндірумен және сатумен айналысатын кәсіпорындарда жұмыс таба алады.

Еңбек жағдайлары. Аспазшы-кондитер жұмыс істейді мейрамханаларда, кафелерде, асханаларда, сондай-ақ жеке бизнес құра алады. Жұмыс істеу үшін аспаз - кондитерге арнайы форма беріледі: аспаз шалбары, күртеше, қалпақ, алжапқыш, арнайы қолғап.

Мансаптық өсу. Аспазшының, кондитердің мансаптық өсуі шеберліктің артуымен және кәсіби тәжірибенің жинақталуымен байланысты, бұл аспаздық мамандықтарды игеруді, қосымша білім алуды талап етеді.

Ақмола облысының білім басқармасының жанындағы «Астра-



хан ауылы Агро-техникалық колледжі» МКҚК ең кең профильдегі аспаздарды дайындайды.

Оларға әлемнің түрлі халықтарының тағамдары туралы базалық білім беріледі, сонда түлектер шағын тағылымдамадан кейін кез келген бағытты игере алады. Колледжде бұл мамандық даярлайтын «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бар. Мұнда оқитын түлектер екі квалификацияны меңгереді: аспаз және кондитер-декоратор, олар кондитерлік өнімдерді дайындау технологиясы толығырақ қарастырады.

Барлық мамандандырулардың ішінде бұл - ең шығармашылық мамандық.

Аспазшы-кондитер көркемдік дәмі бар, қиял қолданып тағамдар әзірлейді, өйткені әрбір кондитерлік өнімдерді дайындау және безендіру - бұл шығармашылық процесс.

Эльмира АМАНТАЕВА,
«Астрахан ауылы Агротехникалық колледжі» МКҚК арнайы пәндер оқытушысы.

ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ ПРАКТИКА

«ТЕОРИЯ БЕЗ ПРАКТИКИ МЕРТВА, А ПРАКТИКА БЕЗ ТЕОРИИ СЛЕПА»
А. Суворов



теоретические знания и навыки, необходимые для присвоения квалификации и итоговой аттестации студента как специалиста. Прохождение производственной практики – это довольно увлекательный процесс. Он позволяет определить: насколько будущая специальность актуальна и интересна, а также то,

живанию населения», «ГУ Аппарат акима Астраханского с/о», «Отдел образования Астраханского района», «Центр занятости населения Астраханского района», «Государственный архив Астраханского района» с которыми заключаются 3-х сторонние договора на прохождение практики. Продолжитель-

ность профессиональной практики определяется учебными планами по специальности, осуществляется на основе договоров о социальном партнерстве с организациями работодателей. Учащиеся перед практикой получают рабочие программы, индивидуальные задания. Для успешного прохождения производственной практики на предприятиях перед выходом на производство проводятся инструктажи по охране труда и технике




Производственная практика – это практическая часть образовательного процесса в колледже, происходящая в организации в режиме реальной рабочей деятельности. Практика призвана закрепить полученные



насколько студенты соответствуют избранной профессиональной деятельности.

Для студентов производственная практика – неотъемлемая часть учебного процесса, помогающая сориентироваться и найти себя в профессии. Для предприятия производственная практика хоть и связана с рядом трудностей, однако является прекрасной возможностью присмотреть себе персонал заранее и привлечь молодые кадры.

Социальными партнерами нашего колледжа являются такие предприятия, как «Отдел по обслу-



безопасности, при этом они оформляются в журналах по ТБ. По завершению практики студенты сдают отчет по практике, дневники. Обучаясь профессии есть возможность на практике убедиться правильно ли сделан выбор. Чтобы студенты быстрее адаптировались к практической деятельности на производстве, за ними закрепляется наставник. Он призван следить за ходом получения практикантами новых знаний и практических навыков в процессе производственной практики и непосредственно объясняет практикантам вопросы по ведению документации.

Работу студента оценивает руководство предприятия, на котором он трудился и выдает производственную характеристику. Знания, умения, навыки, полученные за период практики, являются отличным стимулом для активной работы в освоении будущей специальности.

Л. МУКАНОВА,
мастер производственного обучения ГККП Агротехнический колледж.

ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ИСПОЛНЕНИЕ СУДЕБНЫХ АКТОВ

Исполнение судебных актов является заключительной стадией гражданского судопроизводства, определяющей эффективность правосудия.

Штрафы, налагаемые судом на физические, а также юридические лица, исполняются в добровольном порядке в течение 30 дней после вступления судебного акта в законную силу. По истечении добровольного срока судом направляются судебные акты на принудительное исполнение частным судебным исполнителям по регионам Республики Казахстан.



Исполнительное производство - это меры, направленные на принудительное исполнение исполнительных документов с взысканием с должника исполнительской санкции, пени, расходов по исполнительному производству, оплаты деятельности частного судебного исполнителя.

Республиканская палата частных судебных исполнителей - это некоммерческая, профессиональная организация, осуществляющая координацию деятельности частных судебных исполнителей и соблюдение ими законодательства Республики Казахстан об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей;

Региональная палата частных судебных исполнителей - это филиал Республиканской палаты в регионе;

Частный судебный исполнитель - гражданин Республики Казахстан, занимающийся частной практикой по исполнению исполнительных документов без образования юридического лица на основании лицензии на право занятия деятельностью по исполнению исполнительных документов.

С 16 марта 2016 года по согласованию Верховного Суда РК и Министерством юстиции введено в действие информационное взаимодействие ИС «Торелик» и АИС ОИП (автоматизированная информационная система органов исполнительного производства) МЮ РК) в части получения исполнительных документов из судов в электронном формате и электронного санкционирования постановлений судебных исполнителей, согласно которым суды направляют исполнительный документ на исполнение в электронном формате посредством ИС «Торелик» и АИС ОИП в Департаменты юстиции, где закрепленным сотрудником осуществляется распределение исполнительного документа в соответствующий территориальный отдел.

Судебный исполнитель обязан принять меры по обеспечению исполнения исполнительных документов.

Мерами по обеспечению исполнения исполнительных документов являются:

1) наложение ареста на имущество должника, включая деньги и ценные бумаги;

2) изъятие движимого и недвижимого имущества должника

3) запрещение должнику совершать определенные действия, в том числе запрещение органам юридического лица принимать решения, а равно приостановление действия принятых решений по отчуждению движимого и недвижимого имущества, имущественных и неимущественных прав, ценных бумаг и долей в уставном капитале и имуществе юридического лица;

4) запрещение должнику пользоваться принадлежащим ему на праве собственности имуществом, в том числе деньгами, либо указанием пользоваться им в пределах, установленных судебным исполнителем;

5) опечатывание имущества должника: изъятие правоустанавливающих документов;

6) запрещение другим лицам передавать имущество, в том числе деньги, должнику или выполнять по отношению к нему иных действий.

